

Бұл еңбек оқу-дала практикасын жүргізуге арналған нұсқаулықтың («Ботаника», 2015 ж) жалғасы (2-бөлімі) болып табылады. Ұсынылып отырған құралда «Омыртқасыздар зоологиясы» және «Омыртқалылар зоологиясы» пәндерінен оқу-дала практикасы кезінде студенттердің атқаратын жұмыстары жайында әдістемелік нұсқаулар берілген. Оқу-дала практикасы өтетін аудандарда кездесетін жәндіктер мен жануарлардың алуантүрлілігінің сапалық және сандық құрамдарын анықтаудың қазіргі әдіс-тәсілдерін пайдаланып, олардың тіршілік әрекеттерін бақылау, биотоптар бойынша орналасу ерекшеліктерін зерттеу тәсілдері көрсетілген. Экскурсия кезінде атқаратын жұмыстарға, студенттердің өз бетінше орындайтын жұмыстарына нұсқаулар берілген. Нұсқаулық практика өтетін ауданда кездесетін жәндіктер мен омыртқалы жануарлардың түрлі-түсті суреттерімен (24 сурет, 12 кесте), түрлі биотоптардың көріністерімен безендірілген.

Әдістемелік нұсқаулық барлық университеттердің «Биология», «Биотехнология», «Биология-педагогика», «Балық шаруашылығы», «Экология» мамандықтары бойынша білім алушыларға және жануарлар әлеміне қызығушылық танытатын барлық оқырмандарға арналған.